

**"Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік кәсіпорын туралы" заң күші бар Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 7 шілдедегі N 663 қаулысы

Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік кәсіпорын туралы" заң күші бар Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

**Жоба**

**Қазақстан Республикасының Заңы  
"Қазақстан Республикасы Президентінің  
"Мемлекеттік кәсіпорын туралы"  
заң күші бар Жарлығына өзгерістер  
мен толықтырулар енгізу туралы"**

**1-бап.** Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік кәсіпорын туралы" 1995 жылғы 19 маусымдағы N 2335 заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 9-10, 66-құжат; N 24, 164-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 12, 183-құжат; N 13-14, 205-құжат; 1998 ж., N 23, 429-құжат; 1999 ж., N 22, 789-құжат; N 23, 916-құжат; 2001 ж., N 10, 126-құжат; 2002 ж., N 10, 102-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік кәсіпорын туралы" Қазақстан Республикасының Заңы";  
мәтінде "Жарлық", "Жарлықтың", "Жарлығымен" деген сөздер "Заң", "Заңының", "Заңымен" деген сөздермен ауыстырылсын;

**1 8 - б а п т а :**

9) тармақшада "мәдениет" деген сөзден кейін ", туризм" деген сөзбен толықтырылсын;

12) тармақша "кадастрларын" деген сөзден кейін ", Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізілімін" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік органдардың қызметтік ғимараттарын пайдалануды, оларға көліктік қызмет көрсету мен жабдықтау функцияларын орындауды жүзеге асыру мақсатында шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындар құруға тыйым салынады . " ;

3 2 - б а п т а :

5) тармақша "мәдениет" деген сөзден кейін ", туризм" деген сөзбен толықтырылсын ;

6) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"6) мемлекеттік органдардың қызметтік ғимараттарын пайдалануды, оларға көліктік қызмет көрсету мен жабдықтау функцияларын орындауды жүзеге асыру;".

**2-бап.** Осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін құрылған мемлекеттік кәсіпорындардың құрылтай құжаттары осы Заң қолданысқа енгізілген күннен бастап алты ай ішінде осы Заңға сәйкес келтірілуге тиіс.

*Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*